

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемақы белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2025 жылғы 28 сәуірдегі № 320 шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" қаулысының 5 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Қобда аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қобда ауданы әкімдігінің "Қобда аудандық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қобда аудандық жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджеттен ынталандыру үстемеақысы 30 (отыз) пайыз көлемінде белгіленсін.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қобда аудандық мәслихатының төрағасы

Ж. Ергалиев